

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27 шілдедегі №355 бұйрығымен бекітелген Білім беру ұйымдарында қамқоршылық кеңестерін ұйымдастыру және оны сайлау тәртібінің үлгілік қағидаларына байланысты қоғамдық кеңестің мүшелерінің қатысуымен өткізілген отырыстың

№26 ХАТТАМАСЫ

Саудакуент ауылы

02.03.2021ж

Қатысқан адам саны:13

Күн тәртібіндегі мәселе:

1. Байқадам Қашқынбаев атындағы орта мектебінің бос тұрған лауазымына директор тағайындау туралы

Тыңдалды:

Байқадам Қашқынбаев атындағы орта мектебінде 2021 жылдың наурыз айының 2-сі күні мектептегі қамқоршылық кеңес ұйымының орта техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымының басшысы лауазымына конкурстық тағайындау қағидаларын бекіту туралы ҚР Білім және ғылым министрінің 21.05.2020 жылғы №213 бұйрығының 74 тармағына сәйкес директор лауазымының бос тұрған орнына директор тағайындау туралы отырысы өткізілді. Отырысты қамқоршылық кеңес төрағасы А.Көмекбаев ашып, кеңес мүшелерімен отыруысқа қатысушыларды күн тәртібіндегі мәселелермен таныстырды. **Сөйлегендер:** Бірінші болып сөз алған аудандық мәслихат депутаты Л.И.Нұрмаханова өзінің перспективалық даму жоспарымен таныстырды. Даму бағдарламасы 2020-2025 жылдарға арналған. Жоспар болжау түрінде алды, 5 жылда атқаратын және күтілетін нәтижелер алынып, 16 бөлімнен тұрады. Бағдарлама үш кезеңнен тұрады. Басқару жүйесінде күтілетін нәтиже 5 бөлімнен тұрады. Оларға жеке-жеке талданып, мектептің психологиялық дамуына негізделген. Инфрокұрылымдық жаңартуды басшылыққа алады. Ұстаздар құрамының кәсіби дамуына арттыра отырып, оқу процесін ұйымдастырады. Ғылыми зерттеу және жобалық жұмыстарға оқушыларды тарту басты мақсат. Әріптестікті кеңейту. Яғни ата-ана, мектеп қоғамдық бірлестіктерді тарта отырып, балалардың жан-жақты дамуына үлес қосу.

Мектептің ең басты мәселесі, мектеп сыйымдылығы 600-700 балаға арналған, бірақ қазір 323 бала білім алуда. Осы мәселені 600 балаға жеткізу басты мақсатым борлып отыр.

Мектептің даму процесі SWOT талдау. Білім беруді ұйымдастырудың мықты тұстары және әлсіз тұстары туралы тоқталып өтті. Ол екі бөлімнен тұрады. Мүмкіндіктер, қауіп қатер. Әр бөлімге жеке-жеке тоқталды.

Қортынды: Мектептің жаны – мұғалім. Мектепке ең керегі: білімді басшы, білімді мұғалім.

Қамқоршылық кеңес мүшесі М.Абишев

Сұрақ: - Материалдық жағдайға қандай үлес қосу жоспарыңызда бар ма? Қандай көмек бере алар едіңіз?

Жауап: Мердігерлер мен жеке кәсіпкерлерді тарта отырып, мектептің даму жағдайы жоғары дәрежеде болар еді.

Сұрақ 2: Сіздің жоспарыңыз арқылы мектепті дамыта отырып, гимназия қылы аласыз ба?

Жауап: Ол міндетті емес. Орта білім беру ұйымы арқылы да жоғары дәрежеге жетуге болады.

Сұрақ: 1. Құлыбеков Жамбыл- Мектеп басшысы болсаңыз, педагог кадрларын бірыңғай мектеп формасына көшіру жоспарыңызда бар ма?

Жауап:

Бірыңғай мектеп формасына көшіру үлкен қаржыны талап етеді, сондықтан бірыңғай классикалық үлгідегі мектеп формасы жүйесіне келтіремін

Келесі сөз кезегін Байқадам Қашқынбаев атындағы орта мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Г.Сыздықова алып, өз жоспарымен таныстырды.

Даму жоспарының тақырыбы: Білім беру мазмұнының инновациялық мектепті басқару

Мақсат-міндеттері:

ҚР Президенті Қ.К.Тоқаевтың 2021 жылға арналған жолдауын басшылыққа ала отырып, 2020-2025 оқу жылдарына арналған 11 негізгі сынама міндеттерін алдыма мақсат етіп қоямын.

Мектепті дамыту үшін алға қойған мақсаттарға қол жеткізу үшін, жаңартылған білім мазмұнын дамыта отырып, функционалды сауаттылығын арттырамын.

Мектептің даму бағдарламасын жасау үшін және оны іске асыру үшін өзінің 2021-2025 жылдарға арналған негізгі төрт басым бағыттарымен күтелетін нәтижелерін таныстырды. Мектеп бағдарламасын құруда нені басшылыққа

аламын? Ол үшін мектепті басқарудың 2 құрылымдық жүйесімен үдерістік басқару, жобалық басқару мақсатында жұмыс жасаймын. Басқарудың

тактикалық деңгейінде мектептегі құрылған кеңестер мен ата –аналарды тарта отырып, жұмыс жүргіземін. Осы жұмыстарды атқаруда әртүрлі әдіс –тәсілдерді

пайдаланамын. Мектепті басқаруда жетістікке жетудің басты шарты және мектепті басқарудағы менің үлгіме тоқталамын. Мектеп басшысы қазіргі таңда

қандай болуы шарт деген сұраққа жауап іздеймін. Мектеп басшысының басқару жүйесі екі бағытта жұмыс жүргізеді. Электронды құжат айналымы,

екіншісі: Ұжымды басқару.

Қорыта келгенде: Басшы қиындықты жеңе білетін, өзіне жүктелген міндеттерді сезіне білетін болуы керек. Алғыс хаттармен, грамоталарымен таныстырды.

Сұрақ:

М.Абишев. 1. Дарынды балалармен жұмыс қалай жүргізіледі.

2. Оқшауланған отбасы балалары бар ма?

Жауап: 1. Мектепте дарынды балалармен жұмыс жүйелі жүргізіледі. Жыл сайын Дарынды оқушыларымыз Халықаралық, Республикалық, Облыстық орындарға ие болып отырады. 2. Қазіргі таңда оқшауланған оқушы жоқ.

Келесі сөз кезегін **Ы.Сүлейменов** атындағы орта мектебі директорының міндетін уақытша атқарушы **С.О.Арын** сөз алды.

Өзін таныстырып өтті. Тақырыбы: Мектеп мұғалімдерінің кәсіби шеберлігін дамыту. Негізгі мақсаты: Сындарлы оқыту теориясы негізінде оқу-тәрбие үдерісіне жаңалықтар енгізу.

Білім беру жүйесінің әр саласына жеке –жеке тоқталып, ашып талдау жасады. Іске асыру мерзімдері мен кезеңдерін атап өтті.

Өткен оқу жылында кеткен кемшіліктерді талдай отырып, келер жылға мақсат қойып отырамын. Алдағы бес жылға 2021-2022,2022-2023-2023-2024,2024-2025,2025-2026 оқу жылдарға арналған даму жоспарын жасаймын.

Күтілетін нәтиже: Бәсекеге қабілетті, білімдік орта құрылады және т.б Қаржыландыру және материалдық бірлікті басты назарда ұстаймын.

Сұрақ: Д.Хасанов

1. Жасөспірімдердің құқығын қорғауда қандай жұмыстар жүргізер едіңіз?

Жауап: - Ата –аналар мен педагогтардың жауапкершіліктерін арттырамын

Сұрақ: Ж.Құлыбеков

1. Білім саласында еңбек өтіліңіз қанша?

Жауап: - 8 жыл, жеткен жетістіктерім, алған алғыстарым жетерлік

Ашық дауыспен әр ұйым мүшесі өз пікірлерін білдіріп, дауыстарын берді. Қамқоршылық кеңес қаулы етті:

1. Нұрмаханова Лаура Игенқызы – 4 дауыс
2. Сыздықова Гүлзипа Тұрғынбайқызы -5 дауыс
3. Арин Самат Орынбайұлы – 0 дауыс

Шешім: Байқадам Қашқынбаев атындағы орта мектебі директорының лауазымына **Г.Т. Сыздықова** мен **Л.И.Нұрмаханова** облыстық білім басқармасына ұсынылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Мүшесі:

Мүшесі:

Мүшесі:

Мүшесі:











Мүшесі:

Мүшесі:

Мүшесі:

Мүшесі:

Хатшы:

 А.Көмекбаев
 М.Абишев
 Г.Сұлтанова
 Ж.Исабаева
 Д.Хасанов
 Ж.Алиева
 А.Дүйсенбаева
 Ж.Құлыбеков
 Д.Жұмабекова
 К.Оспанова